

2011 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 126 қаулысы. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 маусымда № 9-11-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 14)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2-тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың келесі тізбесі белгіленсін:
 - 1) та бы сы аз адамдар ;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата - ана л а р ;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
 - 7) мүгедектер ;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
 - 10) о р а л м а н д а р ;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
 - 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс - беруші жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады ;
 - 13) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
 - 14) ұзақ уақыт (жыл және көбірек) жұмыс істемеген адамдар ;
 - 15) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан адамдар ;

16) уәкілетті органның бағытымен кәсіптік оқуды және (немесе) біліктілігін жоғарлатуда қайта даярлауды бітірген жұмыссыздар;
17) толық емес отбасылардан жұмыссыздар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асқар Жақанұлы Жақсыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а м ы с т ы

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Өтеулин

"Қ а м ы с т ы аудандық жұмыспен
қ а м т у және әлеуметтік
б а ғ д а р л а м а л а р б ө л і м і"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң
б а с т ы ғ ы

_____ Иванченко Л.П.